

# АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№44  
(914)

Бейсенбі, 5 қараша 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Иман таразы

## ҚАРАСАЙ БАТЫР АУЫЛЫНДА ЖАҢА МЕШІТ АШЫЛДЫ

Мешіт – Алланың жердегі үйі. Мешіт адамның Аллаһқа сенуші бауырларымен бірге құдреті күшті жалғыз Аллаһқа құлшылық жасайтын, мандайын жерге тигізіп, сәжде ететін жері.

3 қараша күні ауданымыздың Қарасай батыр ауылында Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтанов пен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлының қатысуымен осы заманғы еңселі де, зәулім мешіттің ашылу салтанаты болып өтті.

ағартушысы, саяхатшысы Шоқан Уәлихановтың мұрасы, қазақтың сал-серілерінің бірі - Ақан сері бабамыз бен орақ тілді Орынбай, аққу үнін әніне жыр еткен Үкілі Ыбырай ақындардың ұрпақ үшін мәңгі үлгі болатынын айта келе, осы әсем де зәулім мешіт құрылысына атсалысқан «ҚазЭкспортАстық холдингі» АҚ-ы директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстанның Еңбек Ері Руслан Молдабековке шынайы алғысын жеткізді. Сонан соң барша ауылдықтарды жаңа мешіттің ашылу салтанатымен құттықтап, Қарасай батыр ауылындағы мешіттің имамы Орақ Нашарбаевқа жеңіл автокөліктің кілтін сыйлады.



Алла үйінің ашылу рәсімі Қарасай батыр ауылындағы жамағатты мерекелік әсерге бөлеп, рухани жан дүниесіне риясыз қуаныш сыйлады.

Өткен жылдың қазан айында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы Солтүстік Қазақстан облысында болған сапарында ауданымызда болып, осы аталмыш ауылдағы жаңа мешіттің іргетасын қалаған болатын. Міне, содан бері жыл өте ауылдықтардың армандары орындалып, еңселі зәулім 100 орынға шақталған жаңа мешіт бой көтеріп отыр.

Салтанатты ашылуда сөз алған Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтанов қазақ халқының азаттығы жолында күрескен Шапырашты Қарасай мен Арғын Ағынтай батырлардың өнегелі өмірі, киелі Айыртау өңірінде балалық шағы өткен қазақтың ғалым-

Еліміздің Бас мүфтиі Ержан қажы Малғажыұлы өзінің құттықтау сөзінде жаңа мешіт ашу қасиетті дініміздің мерейін биіктететін ғибратты іс екенін атап көрсетті. «Киелі Айыртау өңірінде бой көтерген жаңа мешіт халықтың діни сауатын ашуға, білімнің, бірлік пен игіліктің ордасына айналды деп сенемін. Рухани орталыққа келетін жастар елдің игілігі үшін қызмет етпек. Осынау сауапты іске атсалысқан азаматтарға Қазақстан мұсылмандары және өз атымнан алғыс білдіремін. Мешіт салған адам үшін жәннатта сарай салынады», - деді Ержан қажы Малғажыұлы.

Салтанатты ашылу шарасында «ҚазЭкспортАстық холдингі» АҚ-ы директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстанның Еңбек Ері Руслан Молдабеков Елбасының тапсырмасымен бой көтерген жаңа мешіттің ашылуымен барша жұршылықты құттықтаса, ауыл тұрғыны, мешіттің имамы Орақ Пазылұлы ауыл тұрғындары атынан жүрекжарды алғысын жеткізді.

Жаңа мешітті ашу рәсімінің таспасын Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтанов пен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы кесті.

Бұдан кейін мешіттің ашылуына жиналған дін сүйер қауым имандылық үйіне кіріп, діндарлық, имандылық жолымен ата-бабалары рухына тағзым етіп, қасиетті бесін намазы оқылып, осы мешітті салдырған ел жайсаңдарына Алланың нұры жаусын деген жүрекжарды тілектерін айтты.

Мәртебелі мәжілістен кейін жиналған қауымға ауылдағы орта мектептің ғимаратында мешіттің ашылуы құрметіне ас беріліп, барша аруақтарға Құран бағышталды.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.  
Суреттерді түсірген автор.

Ресми бөлім

## Азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдады

Өткен аптада Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысындағы Тәртіптік кеңесі басшысының орынбасары Әділбек Мұқашев «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимаратында азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдады.



Қабылдауға алғашқы болып келген айыртаулық Әсет Қожахметов мемлекеттік қызметке қалай өтуге болатынын сұраса, саумалкөлдiк Жұпар Нұрғалиева мемлекеттік қызметке өтерде еңбек өтілінің неше жыл болуы керектігін білгісі келетіндігін айтты. Ал жерлесіміз Ирина Бобырь мемлекеттік қызметшілерді аттестаттау мәселесін ортаға салса, Сәуле Мәжкеева мемлекеттік қызметте жұмыс істеп жүрген жас қызметкерлерге әлеуметтік қолдау жөніндегі сауалын жолдады. Қабылдауда болған Ай-дана Шәймерденова Әділбек Қайырбекұлына мемлекеттік қызметшілерге атқарған жұмыстарына қарай көтеремақы жүйесі жайындағы сауалын жолдаса, Бану Жантілеуова мен Нұрлан Рахпановтар мемлекеттік қызметке байланысты өздерінің толғандырған мәселелері жайында сұрап білді.

Қабылдауға келгендердің өтініштерін мұқият тыңдаған Әділбек Қайырбекұлы алдымен мемлекеттік қызметке орналасу үшін мемлекеттік қызметке кіру кезіндегі қойылатын талаптарға, сонымен қатар бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасу конкурстық негізде жүзеге асатындығын, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары, тестілеуден өткен кезде берілетін сертификаттың 1 жылға дейін жарамдығы, мемлекеттік қызметте 1 жыл жұмыс тәжірибесі болса, онда кез келген бас тұрған бас маман лауазымына орналасу құқығы туралы егжей-тегжейлі айтып өтті. Жалпы қабылдауға келгендер өздерін толғандырған сауалдарға тиянақты жауаптар алды.

Қабылдаудан кейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысындағы Тәртіптік кеңесі басшысының орынбасары Әділбек Мұқашев аудандағы Халыққа қызмет көрсету орталығында болып, аталмыш орталықтың халыққа қызмет көрсету сапасымен және оның жұмысымен танысты.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.  
Суретті түсірген автор.

## Қараша айына аудандық мәслихат хатшысының және депутаттарының азаматтарды қабылдау кестесі

(сағат 15-00 сағат 17-00 дейін)

Тілеубаева Раушан Райымжанқызы, № 8 сайлау округі, аудандық мәслихаттың хатшысы, аудандық мәслихат, 9 қараша.

Олжабаева Мәңдігүл Олжабайқызы, №3 сайлау округі, аудандық мәслихат, 11 қараша.

Есенғалиев Сырымбет Қайрошұлы, №1 сайлау округі, аудандық мәслихат, 16 қараша.

Сәлімжанов Кенжеболат Халелұлы, №2 сайлау округі, аудандық мәслихат, 19 қараша.

Жанахметов Берік Темешұлы, №4 сайлау округі, аудандық мәслихат, 23 қараша.

Еременко Наталия Николаевна, №11 сайлау округі, аудандық мәслихат, 25 қараша.

Гладкий Александр Владимирович, №5 сайлау округі, аудандық мәслихат, 28 қараша.

Байғарин Алмас Манасұлы, №13 сайлау округі, аудандық мәслихат, 30 қараша.

Саумалкөл с. Ш.Уәлиханов көшесі, 44 үй.  
Анықтама телефоны: 21-902

### СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Ауданда мемлекеттік қызметкерлердің қызмет аясында жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында және ҚР «Жемқорлыққа қарсы күрес» туралы Заңының нәтижелі орындалуына байланысты Айыртау ауданы мәслихат аппаратында 21-9-02 сенім телефоны орнатылған.

Қоңырау шалыңыздар, сіздердің хабарландыруларыңыз бей жай қалмайды.



Жемқорлық – орға жығар

## Заң талаптарын сақтау – міндетіміз

Сыбайлас жемқорлықпен күресу кез келген мемлекеттің күрделі мәселелерінің бірі. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына қосылу Стратегиясында, ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, жемқорлықпен күрес, барша халықтың борышы екенін атап көрсетті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғалы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда.

қарсы іс-қимыл департаментінің мемлекеттік қызметке өту бөлімінің басшысы Елена Степаненко бас мамандар мемлекеттік қызметке кіру үш сатыдан тұратындығын, яғни тест, конкурс және әңгімелесу арқылы сұрыпталып қабылданатындығын, бұл жерде «кең ұшымен жалғасу» секілді қоғамға кереғар әрекеттің болмайтындығы жөнінде әңгімелесе,

«Нормативті-құқықтық акті мемлекеттік қызметшінің моральдық-этикалық келбеті мен мәдениетін реттеуге бағытталған. Бұдан былай жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік жауапкершіліктің орнына әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылатын болады. Мемлекеттік қызметшінің жаңа этикалық кодексі аталған



Жуырда, 28 қазанда аудандық Ақан сері атындағы Мәдениет үйінің мәжіліс залында аудан әкімінің төрағалығымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің жұмыс тобының бірлескен отырысы болып өтті.

Жиында сөз алған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшысының орынбасары Әділбек Мұқашев Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру және 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясындағы негізгі бағыттары бойынша атқарылған жұмыстары мен алдағы міндеттерін саралады.

Мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды сөз еткен Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа

жұмыстың басты құрамдас бөлігі болып табылады. Бұған негіз «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» аясындағы мемлекет Басшысының бірінші институционалды реформасы»-деп түйінделді, мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Департаментінің Тәртіптік Кеңес хатшылығының меңгерушісі Жанат Жұмабаев.

Ал кеңестің күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша аудан әкімі аппаратының басшысы Әлі Фаббасов Айыртау ауданында мемлекеттік қызмет көрсету туралы үстіміздегі жылдың тоғыз айының көрсеткіштеріне тоқталып өтті.

Өз кезегінде сөз алған аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров заң талаптарын сақтау – бәріміздің міндетіміз екенін еске сала отырып, ауданның барлық құзырлы органдарының басшыларына сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында бірқатар тапсырмаларды міндеттеп, жиынды қорытты.

**Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.**  
Суретті түсірген автор.

Қамқоршы күні

## Мейірім толы жүректер

Елімізде 2010 жылдан бері 29 қазан «Қамқоршы күні» ретінде аталып өтіліп жүр. Аталмыш шараның басты мақсаты балаларды өз отбасыларына қамқорлықтарына алған жанұяларға алғыс білдіріп, марапаттау болып табылады. Бүгінгі таңда ауданымыз бойынша қамқорлыққа



және патронатты тәрбиеге 72 жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар алынған. Оларды 52 отбасы қамқорлықтарына алып отырса, 18 патронаттағы балаларға 10 тәрбиеші қызмет етеді.

Осы күні аудан орталығындағы «Орталық» дәмханасында ауданның білім бөлімінің ұйымдастыруымен патронаттық тәрбиеге алып отырған қамқоршылар дастархан басында бас қосты.

Мерекелік шараның ашылуында сөз алған жүргізушілер елімізде «Қамқоршылар күнінің» аталып өтуіне тоқталып өтіп, салтанатты шара барысында «Айыртау-Информ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің

директоры, аудандық газеттердің бас редакторы Ирина Бурковская аталмыш мерекенің мән-мағынасын аша келе, осындай батыл қадамға бел буған О.Штарққа, Г.Шуткинаға, Л.Кондрашоваға, С.Никифороваға, М.Әлімжановаға, С.Құсайыноваға, К.Бейсеноваға, Е.Водозоваға, В.Борисовқа, Г.Ушаковаға, К.Тасболатоваға, В.Руденкоға және Л.Гусеваларға ауданның білім бөлімінің Алғыс хаттарын табыстады.

Мерекеге жиналған қамқоршылар ақ дастархан басында өздерінің толғандырған мәселелерімен бөлісіп, жақсы көңіл-күй сыйлаған ұйымдастырушыларға жүрекжарды ақ тілектерін жеткізді. Сонымен қатар мереке барысында қамқоршылар үшін тамаша әндерден де шашу шашылды.

Бұл мереке жыл сайын аталып өтеді. Және жыл сайын мереке махаббатқа, жан жылулықтарына толы болады. Ақция аясында отбасылық мерекелер, спорттық жарыстар, шығармашылық көрмелер, отбасылық фотогалереялар, конкурстық бағдарламалар, концерттер ұйымдастырылады.

Мұндай шара одан әрі балаларды асыраудың жанұялық формаларын қолдауға бағытталған басқа бастамаларды жүзеге асыруға итермелейді. «Қамқоршы күні» мейрамын өткізудің басты мақсаты бөтен бала мен орынсыз уайымға жол бермейтін адамдарға қуаныш сыйлау және көңілдерін көтеру екені айдан анық.

Көңілді дастархан басында бас қосқан қамқоршылар «Ешқашан бөтен бала болмайды!» деген ұстанымдағы жандар. Балаларды өз құшағына алып, мойнына зор міндет жүктеп, ана махаббатын күн сайын сыйлап отыр деп айтуға толық құқылымыз. Осындай жандарды «Батыр ана» деп атасақ та артық кетпесіміз. Олардың жүректері жылулыққа толы. Өрімдей ұл-қыздарды ізгілікке баулыған істеріңіз жемісін бере берсін. Аяулы да мейірімді жандарға құрметпен бас иеміз.

**Бағлан ҚОЖАҚОВ.**  
Суретті түсірген Елена НЕДОРОСТКОВА.

Мерейтой

## Батыр ана – 80 жаста

Дүниеде адам баласына ең жақын, ең ардақты жан – ана. Өмірде оған ешкім тең келмейді. Бәйтеректей тамырын тереңге жайған абзал жандар – бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетіп тұрғандай. Осындай жанұясы, елі сыйлаған аналардың бірі – отбасының алтын қазығы, ауданымыздың Елецкое ауылында тұратын Құлбаршын Аяпбергенқызы.

Аяулы ана, немерелерінің сүйікті әжесі, осы құттықтауды жазуға кірісіп отырған жерлесі атынан – 80 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтап, жүзіңізден шуақ кетпей, ортамызда аман-сау жүре беріңіз, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп, ғасыр жастың төрінен көріне беруді Алла нәсіп етсін демекпіз!

Мен жоғарыда жерлес деп бастағандықтан Құлбаршын Аяпбергенқызының өмірі мен еңбек жолын тетелес өскендіктен осы үнқағаз бетінде жариялағым келді.

Сонымен, Құлбаршын Аяпбергенқызы 1928 жылы колхоздастыру кезінде пайда болған Уақ-Заря деген ауылда әкесі Аяпберген, шешесі Сақып Қошантайқызының жанұясында 1935 жылдың 27 қарашасында дүниеге келген. Әкесі Ұлы Отан соғысына қатысып, соғыс салған жарақатының салдарынан елге оралып ерте дүние салды. Кейін шешесі де көрілік жағдайында дүниеден озды.

Құлбаршын 4 сыныпты туған ауылында бітіріп, 7 сыныпты Қаратал орта мектебінде аяқтады да, 1935 жылы Мұратбек Сыздықұлымен жанұя құрды. Жолдасы Мұратбек Қаратал совхозында директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары (алғаш құрылған жылдары – 1969 ж.), кейін Казанка ауылындағы жұмысшылар кооперативінде қойма меңгерушісі болып жұмыс атқарып, зейнеткерлікке шыққан. Бірақ ауыр науқастан 2011 жылы дүние салды.

Ал, Құлбаршын 20 жылдан астам сауыншы болып, еңбек демалысына шыққан.

Жан жолдасы Мұратбек екеуі алты ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсірді. Олардың бәрі дінамаң, өз алдына шаңырақ көтерген, балалы-шағалы жанұя иелері. Бір жанұя – Астанада, бірі аудан орталығында еңбек етіп жатыр.

Балаларының ең үлкені (тұңғышы) – Нәсиха Мұратбекқызы дәрігер-терапевт, жолдасымен Қарағанды қаласында тұрады.

Көпбалалы отбасы болғандықтан (балалары үшін) есімдерін атап өткенді жөн көрдім: қыздары - Нәсиха, Ұлжан, Арайлым, Әсемгүл, ұлдары - Қыдырбек, Нұрлан, Ақылбек, Асылбек, Руслан.

Жанұяның үлкен ұлы мал дәрігері ретінде Елецкое ауылына жұмысқа орналасқандықтан Мұратбек пен Құлбаршын 1983 жылы осы ауылға көшіп келіп, төрт ұлы жанұясымен осы ауылда тұрып жатыр.

Құлбаршын ең кіші ұлы – Руслан мен келіні Сәуленің қолында өмір кешіп жатырған ардақты қария. Русланы – орманшы, Сәулесі – «Жер-Ана» серіктестігінде диспетчерболып қызмет етеді.

Ал, Құлбаршынның еңбек жолы туралы тоқталар болсам: сауыншы кезінде ауылдық Кеңестің депутаты, партия мүшесі болған. Еңбектері еш зия кеткен жоқ, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының шешімі бойынша «Батыр Ана» алтын жұлдызымен марапатталған. «Еңбек ардагері», «Трудовой отличие» медальдары, еліміз егемендік алғаннан кейінде «Құміс алқа», «Алтын алқа», «Жеңістің 70 жылдығы» медальдарының иегері.

Міне, осындай ел құрметтеген асыл аналарын балалары 80 жылдық торқалы тойын 28 қараша айында атап өтуге құда-жекжат, туыстарына жария етіп отыр.

Сөз соңында, торқалы тойыңыз құтты болсын дей отыра, осы өлең жолдарымен аяқтаймын.

**Құтты болсын сексен деген жасыңыз,  
Асулардан алқынбастан асыңыз.  
Бақытты боп отбасы ортасында,  
Қуаныштан аққан судай тасыңыз!**

**Айтмағанбет ДАУЫЛБАЙҰЛЫ,**  
ауылдасы, еңбек және тыл ардагері,  
«Құрмет» орденінің иегері.  
Қаратал ауылы.

Өз дініне берік бол!

## Әлжан ауылындағы игі істер

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бері халқымыздың көптеген жылдар бойы құрсауда жатқан діні мен тілі, қасиетті салт-дәстүрлері қайта оралып, тұрмысымызға дендеп енуде.

Соның айғағы ретінде Ислам дінінің құндылықтары, қаймағы бұзылмаған қасиетті болмысы кеңінен насихатталуда.

Сөзіміздің тұздығы ретінде туған жеріміз Әлжан ауылындағы жаңадан бой көтерген Алланың жердегі үйі – киелі мешіттің ашылуы болмақ. Еңселі мешіт ғимаратының ауылымыздың топырағында бой көтеруі жергілікті тұрғындардың жүздеріне қуаныш, жүректеріне иман құяры сөзсіз. Осы жолда қызмет етіп жүрген ауылымыздың имамы, молда Ысқақов Сәлімнің еңбегінің зор екенін де атап өтпеске болмас.

Себебі, ауыл жастарының дінге деген қызығушылықтарын оятып, діни сауаттарын ашып, Қасиетті Құран аяттарын үйретуде. Апта сайын жұма намазы оқылып, Құрбан айт қарсаңында көпшіліктің бас қосуымен Құрбан айт намазы өткізілді. Ауыл тұрғындарының көпшілігі бес парыздың бірі – қасиетті Рамазан айында Ораза ұстады.

Сондай-ақ ауылымыздың азаматтары да жаңадан ашылған имандылық үйіне қаржылай қолдау көрсетті. Ауылымыздың оқушы жастары да мұсылман баласына міндеттелген бес парызды өтеуге ниеттеніп, ақ жолға бет бұруда.

Қашанда дініміз бен діліміздің мерейі үстем болып, игі істер өз жалғасын таба берсін демекпіз.

**Нұртай БИМЕНДИН,**  
зейнеткер.  
Әлжан ауылы.

Ш. Уәлихановтың туғанына - 180 жыл

ОМБЫДАҒЫ ІС-ШАРА

Омбы қаласының әкімшілігі мен Қазақстан Республикасының Омбы қаласындағы Консулдығының арнайы шақыруымен Ш. Уәлихановтың туғанына 180 жыл толуына орай өткізілген «Өз халқының болашағына қызмет ету оның арманы еді» атты Халықаралық өлкетану оқуларына құрметті қонақ ретінде қатысып келген бола-тынмын.



Шараның ұйымдастырушылары – Омбы қаласының әкімшілігі, ҚР Консулдығы, Омбы қаласы әкімшілігінің мәдениет департаменті, «Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің Омбы әскери кадет корпусы» Федералдық мемлекеттік қазыналық білім беру мекемесі, Омбы қаласының «Омбы муниципалды кітапханасы» бюджеттік мекемесі, «Қазақ дәстүрлерінің жандануы», «Шоқан жолы» Омбы аймақтық қоғамдық ұйымдары.

Конференция Ресей ғылым академиясының Сібір бөліміндегі Омбы ғылыми орталығында өткізілді. Алғаш болып сөз алғандар Омбы қаласының мэрі В.В. Двораковский және Қазақстан Республикасының Омбы қаласындағы консулы Э.А. Кунаев. Олар өздерінің ыстық ықыластары мен іс-шараға қатысушыларға екі ел достығының гүлденуі жолындағы еңбектерінің жемісті болуын тіледі.

Ресей мәдениет қорының Омбы филиалының директоры А.П. Сарокинаның, «Қазақ дәстүрлерінің жандануы» ОАҚ А.У. Раисованың баяндамалары тыңдалды. Кезекте мен өз баяндамамды Айғаным қонысы мен мұражайдың құрылу тарихына және Шоқан Уәлихановтың балалық шағына арнадым.

Халықаралық өлкетану оқулары барысында түрлі-түсті кітап көрмелері, халықтық қолөнер шығармашылығы көрмелері ұйымдастырылып, тарихи-өлкетану мұражайына, А.С. Пушкин атындағы Омбы мемлекеттік облыстық ғылыми кітапханасына бардық. Онда Омбы кадет корпусының кадеттерімен және Сібір орталық қазақ мәдениеті «Мөлдір» ОӘҚ жетекшісі Алтынай Жүнісовамен кездесу өткізілді. Қазақстан Республикасы Консулдығында Е. Жұмабаевпен кездесу ұйымдастырылып, кездесуде Ш. Уәлиханов жайлы естеліктер айтылып, ескерткішінің алдына гүл шоқтары қойылды. Ескерткіш 2014 жылдың 30 қаңтарында ашылған, сәулетші А. Баярлин, ескерткіш Қазақстанда күмістен жасалған. Тақтада «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтан Омбы қаласына сый» деп жазылған. 2000 жылы 24 қарашада Омбы кадет корпусының бас ғимаратында қазақ ағартушысы, ғалым, зерттеушіге арналған мемориалды тақта орнатылды. Ал Шоқан Уәлиханов көшесі 1985 жылы Омбы қаласында бекітілді.

СОРАН археология және этнология институты Омбы филиалының директоры, профессоры, академик, тарих ғылымдарының докторы Н.А. Томилов өз сөзінде бұл шараның мақсаты Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ғылыми мұрасының насихатталуы, сондай-ақ Омбы қаласының мәдени өміріндегі маңызды оқиға екендігін айта келіп, Қазақстан Республикасы мен Омбы облысының ортақ мәдени құндылықтарының дамуына өз ықпалын тигізетінін атап өтті.

Уәлихан ҚҰЛБАЕВ, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Сырымбет тарихи-этнографиялық мұражайының директоры.

Спорт

БЕЙСЕНОВТЕР ОТБАСЫНЫҢ ЖЕҢІСІ

Үстіміздегі жылы қазан айының 26 жұлдызында Астана қаласындағы «Қамқор» республикалық жастар бастамасы аясында өткізіліп отырған жыл сайынғы «Бірге өмір сүру» фестивалінде «Ең спорт сүйер отбасы» номинациясымен марапатталған Бейсеновтер отбасы республика көлемінде ауданымыздың мерейін асқақтатып оралды. Оған дейін бұл отбасы аудандық «Мерейлі отбасы» байқауында «Спорттық отбасы» аталымын жеңіп алған болатын.



Шаңырақтың отағасы Алмас Серікұлы жеңіл атлетикадан Қазақстанның 17 дүркін чемпионы, Орталық Азия чемпионы, Қазақстан оқушылары спартакиадасының чемпионы, ҚР спорт шеберлігіне үміткер. Сонымен қатар, ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталған. Бірнеше мақтау қағаздары және алғыс хаттармен марапатталған.

Отанасы Яна Сергеевна жеңіл атлетикадан диск, найза және ядро лақтырудан ҚР күміс жүлдегері.

Шаңырақтың шаттығы, көз қуанышы 4 жасар Аслан

дан бөлек, Қазақстан халқы Ассамблеясының Алғыс хатымен марапатталып, сыйлыққа нотбукты қанжығаларына байлап оралды.

Спортты өмірлерінің серігі ретінде бағалайтын Бейсеновтер отбасына дендеріңіз сау, өмірлеріңіз мәнді де, сәнді, шаңырақтарыңыз шаттыққа толып, балапандарыңыз үлкен азамат болсын деп тілектестік білдіреміз. Отбасыларыңыздың мерейі қашанда үстем болып, тек биік тұғырдан көріңіздер демекпіз.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

Мәлтөк әңгіме

Қайырымды жан



Көкшетау қаласында наурыздың соңына дейін ерімей сіресіп жататын қар биыл күн көзі жылт етісімен күрт еріп тротуар үстін суға бөктіріп, жүргіншілердің жүрісін қиындатып тұр.

Көше бойымен келе жатқан 10-11 жастағы жас бала қаншама құрғақ жерлермен жүруге тырысса да аяқ киімі суға әбден малынды.

Бір кезде оның көздері аяқ-киім дүкенінің витринасында сымсап тұрған сәнді бөтеңкелерге түсті. Ол сөрелердегі аяқ-киімдерге телміре қарап, дүкеннің есігін жасқана ашып ішке кіре берді.



Дүкеніне келген тауарларын тиісті полкаларға орналастырып жатқан дүкен иесі середе тұрған бөтеңкелерге жұтына қарап тұрған балаға көзі түсті. Баланың киімдерінің ұсқыны кетіп, жақ жүндері үрпиген, бәрінен де аяғына киген бөтеңкесінің сәгілген жерінен аяғының башпайы жылтырып тұрғанын көрген қожайынның жүрегінде балаға деген аяныш сезімі туды.

Көктем айы жер лайсаң, бала тұрған жер әбден лас болыпты. Сатушының өзін байқап тұрғанын сезген бала бұрылып кете бермекші еді, дүкенші «балақай, аяқ киім алмақшы ма едің? Биылғы аяқ киімдер өте сәнді, байқадың ба?», — деді. Бала оған: Иә, шынында, өте әдемі екен, бірақ... менің оны алатын ақшам жоқ қой, — деп жауап қатты.

Анаң қайда? Анам көк Тәңірдің мекенінде. Әкең ше? Әкем анамның жанында... Дүкенші қапелімде не айтарын білмей: Ата-анаңды сағынатын шығарсың? Әрине, бірақ түнде ұйықтап жатқанда анам тоңған қолымды, әкем тоңған аяқтарымды жылытатынын сеземін, - деп баланың көзі мөлдіреп үнсіз тұрып қалды. Ал дүкенші баланың басынан сипап: — Сен сонда балалар үйінен екенсің ғой, — деп терең күрсінді. — Иә, бізге аяқ киімді жаз шыққанда, сосын қар түскенде береді. Аяқ киімім тозды, жазға дейін әлі біраз уақыт бар, бөтеңкемнен өткен суықтан аяғым әбден тоңды, - деді жыламсыраған бала. — Дүниедегі қиыншылықтарға төзіп келеді екенсің, балам, сабыр ет, - деп, сатушы сөрелерді нұсқап: — Сен көрген аяқ киім сәнді келісті екен! Киіп көр, — дегенге, бала: — Бағасы 5000 теңге екен. — Түк емес. Оның үстіне бүгін Ұлыстың Ұлы күні Наурыз қайырымдылық мейрамы жарты бағасына беремін. Бала біраз ойланyp: — Сіз шығынға батасыз ғой. — Сен ол үшін қам жемей-ақ қой. Сен оқушы шығарсың? — деп сұрады.

— Әрине, төртінші сыныпта оқимын, — деді бала. — Керемет, онда оқушыларға деген қайырымдылық шараларымыз тағы бар. Сонда саған аяқ киім тегін түсейін деп тұр. Балам, киіп жүрген аяқ киімің нағыз таза былғарыдан дайындалған екен, қазір таза былғарыдан тігілетін аяқ-киім сирек мен мұны аяқ киім тігетін цехымда қазір жаңартып беремін. Сонда сенде екі аяқ киім болады, - деді.

Дүкенші баланың тосылып тұрған сәтін пайдаланып, оны орындыққа отырғызып, аяқ-киімін шешіп еді, көктемнің лайсаңынан бөтеңкенің іші суға шылқып тұр екен, аяғындағы шұлық деген аты болмаса шұрқ-шұрқ жыртық. Ол дереу середегі әдемі аяқ киімді алып шығып, сатушыларынан орамал, су алдырып баланың аяғын жуып, әбден құрғата сүртті де, балаға жаңа шұлық кигізіп, аяғына жаңа аяқ киімді кигізіп, ескі етігін жөндеуге жіберді.

Бір кезде шебер баланың жөнделген аяқ-киімін әкеліп баланың қолына берді. Бала өз көзіне сенбей тұрып қалды. Оған мұның барлығы көрген түс сияқты еді. Баланың көзіне жас үйіріліп, дүкен иесіне:

- Әкем өзіне жақсылық жасаған адамға «Істеген жақсылығың Алладан қайтсын, тілеген тілектеріңді Алла «Әмин» деп қабыл етсін, екі дүниенің қызығын көруге жазсын деп айтушы еді», - деп көздері жәудіреп рахметін айтып кетіп бара жатты.

Көзін қайта-қайта сүртіп кетіп бара жатқан баланың соңынан қарап тұрған дүкен иесі өзін өте бақытты сезінді. Ол бұл бақытты бір күнде барлық аяқ киім сатылып кетсе де, сезіне алмайтын еді.

Ерсін ЕРҒАЛИЕВ, Қаратал ауылы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті клиенттер!

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ (әрі қарай – Банк) теңгеді ашылған жеке тұлғалардың жедел депозиттері бойынша, 2015 жылдың 18 тамызындағы жағдай бойынша, бағамдық айырмашылықтың өтамақысын алу үшін Банк салымшыларына өтемақы алуға өтініш беру, тұрғын үй құрылыс жинақ шартының (әрі қарай – ТҚЖ шарты) қосымша келісімін жасау және Банкте арнайы банктік шот ашу қажет екенін хабарлайды.

Өтініш қабылданатын күн және қосымша келісім жасау туралы ақпарат Банктің ресми сайтының «Жаңалықтар» бөлімінде көйінірек жарияланатын болады.

Депозит Банкте арнайы банктік шотта бір жыл сақталған жағдайда, бағамдық айырмашылыққа өтемақы төленеді.

Бағамдық айырмашылық төлеу туралы өтініш беру, ТҚЖ шартының қосымша келісімін жасау үшін, электронды-сандық қолдың болуы керек. Электронды-сандық қол алу мәселесі бойынша 1414 нөмірімен E-gov байланыс-орталығына немесе электронды сандық қолды сақтау үшін USB-флеш-жинақтаушымен және жеке басын куәландыратын құжатпен жақын маңдағы ХҚКО-ға хабарласуға болады.



# Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаменті Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «Менің елім, менің Елбасым!» мемлекеттік қызметшілері арасында конкурс өткізілуі туралы хабарлайды.

## Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «Менің елім, менің Елбасым!» мемлекеттік қызметшілері арасында конкурс өткізу туралы ЕРЕЖЕ

«Менің елім, менің Елбасым!» облыстық конкурсі (бұдан әрі – Конкурс) ҰЕҰ өзара әрекеттестігімен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментімен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру өңірлік орталығы арқылы өткізіледі.

### 1. Конкурстың мақсаты

Конкурс мемлекеттік қызметті дәріптеу, жастарды патриоттыққа тәрбиелеу, мемлекеттік қызметкердің оң беделін қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

### 2. Үміткерлер ұсыну тәртібі

2.1. Конкурсқа Солтүстік Қазақстан облысының 30 жасқа дейінгі қызметкерлері қатысады.

2.2. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлерді ұсыну облыстың барлық мемлекеттік органдарымен жүзеге асырылады.

### 3. Конкурстың қазылар алқасы

3.1. Конкурстың қазылар алқасының құрамы: алқа төрағасы және мүшелері.

3.3. Қазылар алқасы мүшелерінің саны тақ болуы қажет.

### 4. Конкурстың өткізілу тәртібі

4.1. Конкурс іріктеу және ақтық кезеңдері бойынша өткізіледі.

**1-ші кезең.** Іріктеу кезеңі, аумақтық, облыстық, аудандық және Петропавл қ. мемлекеттік органдарының бөлімшелері деңгейінде алдын ала іріктеп алынған қатысушылар санынан (1 қатысушыдан) өткізіледі. Конкурсқа қатысушылардың материалдары ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментіне қарастыруға жолданады. Мәліметтерді қабылдау мерзімі – 2015 жылғы 13 қарашадағы 19:00 сағатқа дейін. Аталған мерзімнен кейін түскен құжаттар, қаралуға жатпайды.

**Мемлекеттік қызметкер келесі құжаттарды ұсынады:**

1) Мемлекеттік органның кадр қызметімен куәландырылған конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
